

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ  
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

**2017 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША**

АЛМАТЫ 2017ж.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

### **ОСЫ ШОЛУДЫҢ МАҚСАТЫ**

Осы шолу Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының даму динамикасын және елдегі экономикалық жай-күйіне әсерін көрсетуге бағытталған.

### **СИПАТТАМА**

Шолу сақтандыру секторының көрсеткіштеріндегі негізгі өзгерістерді көрсететін кестелер мен графиктер, сондай-ақ сипаттамалық бөлігі түрінде берілген:

- Активтердің құрылымын сипаттау;
- Міндеттемелердің құрылымын сипаттау;
- Сақтандыру сыйлықтарының құрылымын сипаттау;
- Сақтандыру төлемдерінің құрылымын сипаттау;
- Қайта сақтандыру қызметін сипаттау;
- ҚР сақтандыру секторының пруденциялық нормативтерін орындауын сипаттау;
- Сақтандыру секторының кірістілігін сипаттау;

Көлемі: 13 бет

Кесте саны: 10

График саны: 9

Кезеңділігі: ай сайынғы жаңарту

## МАЗМҰНЫ

01.10.2017ж. ҚР сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері .....	4
<b>I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ</b> .....	6
1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы .....	6
<b>II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ</b> .....	6
2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы.....	6
<b>III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ</b> .....	7
3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы .....	7
1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы .....	7
<b>IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ</b> .....	8
2-график. ҚР сақтандыру секторының балансы бойынша меншікті капиталының құрылымы .....	8
<b>V. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ</b> .....	8
4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі .....	8
3-график. Токсан үшін сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы .....	9
5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі .....	9
4-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы.....	9
5-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %.....	10
6-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, % .....	10
<b>VI. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ</b> .....	10
6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы және қайта сақтандырушының өтемдері.10	
7-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі, %.....	10
<b>VII. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ</b> .....	11
7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы .....	11
8-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы .....	11
9-график. Сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына арақатысы.....	12
<b>VIII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ</b> .....	12
8-кесте. Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарының кірістері мен шығыстары.....	12
<b>IX. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛУЫ</b> .....	13
9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері.....	13
10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы, % .....	13

## 01.10.2017ж. ҚР сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

**Сақтандыру секторы** 32 сақтандыру ұйымымен көрінеді, оның ішінде 7 – өмірді сақтандыру бойынша.

### Активтер

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының **активтері** 2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 923 754,0 млн. теңге (2017 жылдың басында – 853 627 млн. теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 8,2%.

Активтердің құрылымында ең үлкен үлесін (жиынтық активтердің 46,3%) 427 706 млн.теңге сомасындағы **бағалы қағаздар** (2017 жылдың басында – 372 530 млн.теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 14,8%.

Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған **салымдар** жиынтық активтердің 22,5 % үлесімен 207 605 млн.теңге болады (2017 жылдың басында – 225 779 млн.теңге немесе жиынтық активтердің 26,4%), 2017 жылдың басынан кемуі – 8,0%.

**Қайта сақтандыру активтері** 114 988 млн.теңге болады жиынтық активтердің үлесі 12,4 % (2017 жылдың басында – 108 214 млн. теңге немесе жиынтық активтердің 12,7%), 2017 жылдың басынан артуы – 6,3%.

### Міндеттемелер және резервтер

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының 2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша **міндеттемелері** 497 543 млн. теңге (2017 жылдың басында – 456 610 млн. теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 9,0%.

Міндеттемелердің құрылымында ең үлкен үлесті (жиынтық міндеттемелердің 91,6%) 455 763 млн. теңге сомасындағы **сақтандыру резервтері** иеленеді (2017 жылдың басында – 414 670 млн. теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 9,9%.

### Сақтандыру сыйлықақылары

**Сақтандыру сыйлықақыларының** 2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша көлемі 2016 жылғы 1 қазандағы осыған ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 4,41%-ға артқан және 289 234 млн. теңге болды, олардың тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі – 259 537 млн. теңге.

Сақтандыру сыйлықақыларының негізгі үлесі ерікті мүліктік сақтандыру (сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі 137 084 млн. теңге немесе 47,4%).

Міндетті сақтандыру бойынша 75 970 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 26,3%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 76 179 млн. теңге немесе 26,3%.

*"Өмірді сақтандыру" саласы:*

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша 2017 жылдың басынан да жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 48 351 млн. теңге, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 25,8%-ға көп. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күні 16,7%, 2016 жылғы 1 қазандағы 13,9% болды.

*"Жалпы сақтандыру" саласы:*

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2017 жылдың басынан да жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 240 882 млн. теңге, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,0%-ға көп.

### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 103 923 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 35,9%-ы болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 84,3% қайта сақтандыруға берілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 29 697 млн. теңге болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 13 582 млн. теңге болды.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған тәуекелдер бойынша өтем 5 691 млн. теңге немесе қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 5,5%-ы болды.

### **Сақтандыру төлемдері**

2017 жылдың басынан жүргізілген **сақтандыру төлемдерінің** жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 55 204 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14,4%-ға аз.

2017 жылдың басынан жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасының ең үлкен үлесін ерікті жеке сақтандыру – 43,4%, міндетті сақтандыру – 38,6% және ерікті мүліктік сақтандыру – 18,0% құрайды.

### **Меншікті капитал жеткіліктігі**

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының **төлем қабілеттілігінің нақты маржасы** 339 685 млн. теңге (2017 жылдың басында – 279 759 млн. теңге) мөлшерінде қалыптасқан, 2017 жылдың басынан артуы – 21,4%. Сақтандыру секторының төлем қабілеттілігінің нақты маржасының жеткіліктік нормативі 5,22 (2017 жылдың басында – 5,00) құрайды.

**Өтімділігі жоғары активтер** 640 746 млн. теңге немесе активтердің 69,4 % (2017 жылдың басында – 580 716 млн. теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 10,3%.

### **Сақтандыру секторының кірістілігі**

2017 жылдың басынан сақтандыру секторының таза пайдасы 55 682 млн. теңге құрады, ол өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 13,0% төмен.

Жиынтық активтер бойынша таза пайдасының арақатысы (ROA) 6,8% болды.

Баланс бойынша меншікті капиталға таза пайдасының арақатысы (ROE) 14,6% болды.

### **Макроэкономикалық көрсеткіштер**

Сақтандыру секторы активтерінің ЖІӨ үлесі 1,78% болады;

Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ үлесі – 0,56%;

Сақтандыру сыйлықақыларының адам басына шаққандағы арақатысы – 16 002,7 теңге.

### **Шоғырландыру**

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық активтеріндегі үлесі 75,3%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық меншікті капиталындағы үлесі 77,1%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы үлесі 60,4%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық сақтандыру төлемдеріндегі үлесі 57,8%.

## I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

### 1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының құрылымы	01.10.2016	01.10.2017
Сақтандыру ұйымдарының саны	33	32
<i>оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша</i>	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	15	16
Актуарийлердің саны	60	60
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-тың қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны	22	22
ҚР бейрезиденті сақтандыру ұйымдары өкілдерінің саны	3	3

## II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ

### 2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы/күн	01.01.2017*		01.10.2017		Жылдың басынан өзгерістері, %-бен
	млн. теңге	жиын-тығында %-бен	млн. теңге	жиын-тығында %-бен	
Ақша	39 512	4,6	42 738	4,6	8,2
Орналастырылған салымдар	225 779	26,4	207 605	22,5	-8,0
Бағалы қағаздар	372 530	43,6	427 706	46,3	14,8
"Кері РЕПО" операциясы	22 393	2,6	32 714	3,5	46,1
Сақтанушылар мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	29 691	3,5	38 163	4,1	28,5
Негізгі каражат	13 988	1,6	18 079	2,0	29,2
Қайта сақтандыру активтері	108 214	12,7	114 988	12,4	6,3
Өзге дебиторлық берешек	15 315	1,8	16 610	1,8	8,5
Басқа активтер	26 207	3,1	25 152	2,7	-4,0
<b>Активтердің барлығы</b>	<b>853 627</b>	<b>100,0</b>	<b>923 754</b>	<b>100,0</b>	<b>8,2</b>

\*сомасы аудиттелген деректер бойынша көрсетілген


### III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы/күн	01.01.2017*		01.10.2017		Жылдың басынан өзгерістері, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Сақтандыру резервтері, оның ішінде:	414 670	90,8	455 763	91,6	9,9
<i>Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервтері</i>	129 041	28,3	148 361	29,8	15,0
<i>Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві</i>	12 704	2,8	13 591	2,7	7,0
<i>Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві</i>	129 202	28,3	149 636	30,1	15,8
<i>Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві</i>	50 942	11,2	55 225	11,1	8,4
<i>Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві</i>	92 781	20,3	88 950	17,9	-4,1
Алынған қарыздар	337	0,1	361	0,1	7,4
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу	12 443	2,7	16 982	3,4	36,5
Сақтандыру (қайта сақт.) қызметі бойынша делдалд. есеп айырысу	2 669	0,6	3 796	0,8	42,2
Сақтандыру (қайта сақт.) шарттары бойынша төленетін шоттар	2 225	0,5	2 345	0,5	5,4
Басқа кредиторлық берешек	4 875	1,1	3 413	0,7	-30,0
Басқа міндеттемелер	19 391	4,2	14 883	3,0	-23,3
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>456 610</b>	<b>100,0</b>	<b>497 543</b>	<b>100,0</b>	<b>9,0</b>


\*сомасы аудиттелген деректер бойынша көрсетілген

1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы



#### IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ

2-график. ҚР сақтандыру секторының балансы бойынша меншікті капиталының құрылымы



#### V. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ


4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	01.10.2016		01.10.2017		Өзгер., %-бен
	млн. теңге	жыны- тығында %-бен	млн. теңге	жыны- тығында %-бен	
<b>Барлығы, оның ішінде:</b>	<b>277 028</b>	<b>100,0</b>	<b>289 234</b>	<b>100,0</b>	<b>4,41</b>
<b>Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:</b>	<b>71 093</b>	<b>25,7</b>	<b>75 970</b>	<b>26,3</b>	<b>6,86</b>
көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	36 643	13,2	37 501	13,0	2,34
қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	30 903	11,2	34 872	12,1	12,84
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	1 417	0,5	1 424	0,5	0,52
міндетті сақтандырудың өзге сыныптары	2 129	0,8	2 172	0,8	2,02
<b>Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде:</b>	<b>63 568</b>	<b>22,9</b>	<b>76 179</b>	<b>26,3</b>	<b>19,84</b>
ауырған жағдайлардан сақтандыру	19 882	7,2	20 700	7,2	4,11
аннуитеттік сақтандыру	18 320	6,6	24 343	8,4	32,88
өмірді сақтандыру	20 121	7,3	24 008	8,3	19,32
жазатайым жағдайлардан сақтандыру	5 245	1,9	7 128	2,5	35,90
<b>Ерікті мүлдіктік сақтандыру, оның ішінде:</b>	<b>142 367</b>	<b>51,4</b>	<b>137 084</b>	<b>47,4</b>	<b>-3,71</b>
мүлдікті сақтандыру	65 446	23,6	69 934	24,2	6,86
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	32 309	11,7	36 183	12,5	11,99
басқа қаржы шығындарынан сақтандыру	13 052	4,7	3 045	1,1	-76,67
автомобиль көлігін сақтандыру	12 817	4,6	12 443	4,3	-2,92
жүктерді сақтандыру	6 910	2,5	4 305	1,5	-37,69
ерікті мүлдіктік сақтандырудың басқа сыныптары	11 833	4,3	11 174	3,9	-5,57

\*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген



**3-график. Токсан үшін сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы**




\*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

**5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі**

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	01.10.2016		01.10.2017		Өзгер., %-бен
	млн. тенге	жиын-тығында %-бен	млн. тенге	жиын-тығында %-бен	
<b>Сақтандыру салалары бойынша барлығы</b>	<b>277 028</b>	<b>100,0</b>	<b>289 234</b>	<b>100,0</b>	<b>4,4</b>
Өмірді сақтандыру	38 441	13,9	48 351	16,7	25,8
Жалпы сақтандыру	238 587	86,1	240 882	83,3	1,0


\*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

**4-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы**




\*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

**5-график.** «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



**6-график.** «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %




## VI. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

**6-кесте.** Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы және қайта сақтандырушының өтемдері

Сақтандыру сыйлықақылары	01.10.2016		01.10.2017		Өзгер., %-бен
	млн. теңге	%-бен	млн. теңге	%-бен	
<b>Барлығы қайта сақтандыруға берілді, оның ішінде</b>	<b>102 478</b>	<b>100,0</b>	<b>103 923</b>	<b>100,0</b>	<b>1,41</b>
бейрезиденттерге	88 518	86,4	87 602	84,3	-1,03
резиденттерге	13 960	13,6	16 320	15,7	16,91
<b>Қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған тәуекелдер бойынша өтем, оның ішінде</b>	<b>15 059</b>	<b>100,0</b>	<b>5 691</b>	<b>100,0</b>	<b>-62,21</b>
Бейрезиденттерден	11 460	76,1	4 223	74,2	-63,15
Резиденттерден	3 600	23,9	1 468	25,8	-59,23
<b>Барлығы бейрезиденттерден қайта сақтандыруға қабылданды</b>	<b>13 976</b>		<b>13 582</b>		<b>-2,82</b>

**7-график.** Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі, %




## VII. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ

### 7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы

Сақтандыру төлемдері	01.10.2016		01.10.2017*		Өзгер., %-бен
	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	
<b>Барлығы, оның ішінде:</b>	<b>64 454</b>	<b>100,0</b>	<b>55 204</b>	<b>100,0</b>	<b>- 14,4</b>
<b>Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:</b>	<b>20 402</b>	<b>31,7</b>	<b>21 293</b>	<b>38,6</b>	<b>4,4</b>
көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	16 724	25,9	17 481	31,7	4,5
қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	3 298	5,1	3 702	6,7	12,2
өзге сыныптар	379	0,6	110	0,2	- 71,0
<b>Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде:</b>	<b>22 594</b>	<b>35,1</b>	<b>23 973</b>	<b>43,4</b>	<b>6,1</b>
ауырған жағдайлардан сақтандыру	12 711	19,7	12 909	23,4	1,6
аннуитеттік сақтандыру	7 660	11,9	9 122	16,5	19,1
өмірді сақтандыру	1 704	2,6	1 529	2,8	- 10,3
жазатайым жағдайлардан сақтандыру	519	0,8	412	0,7	- 20,5
<b>Ерікті мүлктік сақтандыру, оның ішінде:</b>	<b>21 458</b>	<b>33,3</b>	<b>9 939</b>	<b>18,0</b>	<b>- 53,7</b>
автомобиль көлігін сақтандыру	5 168	8,0	4 272	7,7	- 17,3
өзге қаржы шығындарынан сақтандыру	343	0,5	5	0,0	- 98,6
мүлкті сақтандыру	12 230	19,0	2 916	5,3	- 76,2
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	781	1,2	504	0,9	- 35,5


\* сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген, - 9,5 млрд. теңге

8-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы



\* сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген

9-график. Сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына арақатысы



\*сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтандыру шарттары б-ша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескерумен көрсетілген  
 \*\*сақтандыру сыйлықақылары сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен 2017 жылдың 1 қазанына көрсетілген  
 \*\*\*сақтандыру төлемдері қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген

## VIII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

8-кесте. Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарының кірістері мен шығыстары

Кіріс пен шығыс	01.10.2016		01.10.2017		Өзгер., %-бен
	млн. тенге	%-бен	млн. тенге	%-бен	
Сақтандыру қызметінен түскен кірістер	180 289	81,2	199 243	78,9	10,5
Инвестициялық қызметтен түскен кірістер	39 980	18,0	51 414	20,4	28,6
Өзге кірістер	1 814	0,8	1 743	0,7	-3,9
<b>Кірістер жиынтығы</b>	<b>222 086</b>	<b>100,0</b>	<b>252 401</b>	<b>100,0</b>	13,7
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар	55 003	37,7	55 409	29,3	0,7
Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстары	28 195	19,3	35 026	18,5	24,2
Жалпы және әкімшілік шығыстар	44 291	30,3	49 199	26,0	11,1
Өзге шығыстар	18 526	12,7	49 727	26,3	168,4
<b>Шығыстардың жиынтығы</b>	<b>146 016</b>	<b>100,0</b>	<b>189 360</b>	<b>100,0</b>	29,7
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (шығын)	76 070		63 041		-17,1
Корпоративтік табыс салығы	12 066		7 359		-39,0
<b>Салық төлегеннен кейінгі таза пайда (шығын) жиынтығы</b>	<b>64 005</b>		<b>55 682</b>		<b>-13,0</b>

## IX. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛУЫ

### 9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	01.10.2016	01.01.2017	01.10.2017
ЖІӨ, млрд. теңгемен <sup>1</sup>	46 971,2	46 971,2	51 855,3
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,81	1,82	1,78
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,84	0,85	0,82
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,59	0,76	0,56
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен <sup>2</sup>	15 604,4	20 103,6	16 002,7

### 10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы, %

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.10.2016	01.01.2017	01.10.2017
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының активтері	75,6	74,2	75,3
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының меншікті капиталы	75,8	76,4	77,1
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының сақтандыру сыйлықақылары	59,7	56,3	60,4
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері	55,1	53,9	57,8

## X. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Сақтандыру брокерлері **активтерінің** жиынтық көлемі 2017 жылғы 1 қазан жағдай бойынша 4 847 млн. теңге (2017 жылдың басында - 6 195 млн. теңге), 2017 жылдың басынан кемуі – 21,7%.

Сақтандыру брокерлерінің **міндеттемелері** 2017 жылғы 1 қазан жағдай бойынша 2 640 млн. теңге (2017 жылдың басында – 3 790 млн. теңге), 2017 жылдың басынан кемуі – 30,3%.

Сақтандыру брокерлерінің жиынтық **меншікті капиталы** 2017 жылғы 1 қазан жағдай бойынша 2 207 млн. теңге (2017 жылдың басында - 2 405 млн. теңге), 2017 жылдың басынан кемуі – 8,2%.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 01.09.2017 ж. ҚР халқының саны 18 074,1 мың адам болды.